«Қазақстандағы Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»

Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	133 878 051,78 тг.
Кіші бағдарлама: *105 «Трансшекаралық суды тиімді пайдалану және қорғау, су қарым-қатынастарын реттеу мәсселелері жөнінде шектес мемлекеттермен ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2022 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	49 893 000, 00 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консалтингтік қызметтерге ақы төлеу»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: *«ХАҚҚ ҚР-дағы АД» ҚҚ*	а) жылдың басынан:	32 085 161,00 тг
	б) есептік ай бойынша:	4 938 807,00 тг

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2022 жылғы тамыз айына

Мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 83 шартқа 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 3 қосымша келісім бойынша

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының
Қазақстан Республикасындағы
Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қоры
Директоры Б.К.Бекниязов

_____

2022 жылғы 23 тамыз

Алматы қ.

Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының аннотациялық есебі

2022 жылғы тамыз айына

Қазақстандағы Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі – ХСБО*) 2022 жылға арналған келісілген Жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс-шаралар орындалды.

1. Жобалық ұсыныстар пакетін жасау және оларды орындауға қаржыландыруды іздеу

ХСБО халықаралық ұйымдармен және донорлармен ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасының іс-шараларын орындауға қаржыландыруды іздеу бойынша жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, фин тарапымен Орталық Азияда су ресурстарын бөлу бойынша семинар ұйымдастыру үшін консультациялар өткізілді, оның нәтижесінде Финляндия Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі мен Финляндия қоршаған орта институтының (SYKE) қаржылық қолдау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. ХСБО семинарды ағымдағы жылдың қараша айында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен (ҚР ЭГТРМ) ынтымақтастықта және фин серіктестерінің қолдауымен өткізуді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта ХСБО семинар бағдарламасын дайындау және семинарға қатысу үшін шақырулар тізімін әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар ХСБО Орталық Азия елдері үшін гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласында тәжірибе алмасу бойынша тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру мәселесі бойынша консультациялар өткізді. Осы жұмыстың нәтижесінде Дүниежүзілік банк пен Словакия Үкіметі Словакияның Братислава қаласында Орталық Азиядағы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі бойынша оқу семинарын өткізуге, сондай-ақ Қазақстанның Алматы қаласында гидротехникалық құрылыстар бойынша өңірлік семинар өткізуге қаражат бөлді. Бұл іс-шаралардың негізгі қаржыландырылуын Дүниежүзілік банк «Орталық Азиядағы су ресурстарын басқаруды нығайту» жобасы шеңберінде су және энергетикалық ресурстар жөніндегі Орталық Азия бағдарламасы арқылы жүзеге асыратын болады. Словакия үкіметі өз сарапшыларын ұсыну, Словакия аумағындағы объектілерге баруды ұйымдастыру және қатысушыларға визалық қолдау көрсету арқылы бірлесіп қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

2. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау, жұмыс органдарының (Бюроның, Су ресурстарын ықпалдастыра басқару жөніндегі жұмыс тобының, Мониторинг және бағалау жөніндегі

жұмыс тобының, Су және климат жөніндегі нысаналы топтың, Судың, энергия мен азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топтың) отырыстарына және басқа да Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияны жүзеге асыру шеңберінде ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу

2022 жылғы 10 тамызда Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция (бұдан әрі – Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция) Хатшылығының өкілдерімен онлайн жұмыс кездесуі өтті. Кездесуде Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстанның қатысуымен БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) қолдауымен орындалған Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзені бассейнінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі жобаның бірінші кезеңінің нәтижелері талқыланды. Атап айтқанда, төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзені бассейнінің ластануын болдырмау және оған ден қою жөніндегі бірлескен шаралар кешенін және осы бассейн үшін авариялық жағдайлар кезіндегі Бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеу жөніндегі ұсынымдарды пысықтау және кеңейту туралы мәселе талқыланды. Нәтижесінде сараптама тобын тарта отырып, осы жұмысты жалғастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

2022 жылғы 19 тамызда Орталық Азиядағы трансшекаралық бассейндерде мониторинг, бағалау және ақпарат алмасу бойынша өңірлік семинарды ұйымдастыруды талқылау бойынша Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығының өкілдерімен онлайн жұмыс кездесуі өтті. Семинар өңірдегі су ресурстарын мониторингтеу және бағалау саласындағы ағымдағы практиканы, тәжірибені және алынған сабақтарды айқындау, сондай-ақ Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция шеңберінде мониторинг, бағалау және деректермен алмасу жөніндегі жаңартылған стратегияға ұсыныстар әзірлеу мақсатында ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасы шеңберінде өткізу жоспарланып отыр. Кездесу нәтижелері бойынша ХСБО семинарды өткізуге қаржыландыруды тарту мақсатында халықаралық ұйымдармен және донорлармен консультациялар өткізеді деген уағдаластыққа қол жеткізілді.

3. Трансшекаралық сулар бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша, оның ішінде Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға су және денсаулық проблемалары жөніндегі хаттама бойынша талдамалық-информациялық материалдарды дайындауда Қазақстанның мемлекеттік органдарына жәрдемдесу

Есеп беру кезеңінде ХСБО мемлекетаралық арналардың су ресурстарын пайдалану жөніндегі халықаралық тәжірибе туралы талдамалық ақпаратты дайындауға жәрдем көрсетті. Ақпарат ҚР ЭГТРМ Трансшекаралық өзендер департаментінің қарауына енгізілді. *1 - қосымша-мемлекетаралық*

арналардың су ресурстарын пайдалану жөніндегі халықаралық тәжірибе туралы ақпарат.

4. Қазақстанда, Орталық Азия елдерінде және әлемнің басқа да өңірлерінде (*Дүниежүзілік су форумы, Дүниежүзілік су апталығы және басқалар*) ұйымдастырылатын трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі іс-шараларға қатысу

4.1. Дүниежүзілік су апталығы

2022 жылғы 23 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында «Көрінбейтін көру: судың құндылығы» тақырыбында Дүниежүзілік су апталығы өтеді. Дүниежүзілік су апталығы-1991 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келе жатқан жаһандық су мәселелері жөніндегі жетекші конференция. Биыл Дүниежүзілік су апталығы онлайн және офлайн форматта өткізілетін 300-ден астам түрлі сессиялар мен іс-шараларды ұсынады. Ұйымдастырушылар-Стокгольм Халықаралық су институты (SIWI) әлемнің әр түрлі жетекші ұйымдарымен бірлесе отырып. Іс-шараға қатысу ақылы - толық (апталық) немесе бір күндік рұқсаттама бойынша онлайн және офлайн қатысу үшін тарифтер қарастырылған.

Іс-шара бағдарламасы үш негізгі тақырып бойынша сессияларды қамтиды: «судың қаржылық-экономикалық құндылығы», «судың адамдар мен даму үшін маңызы», «судың табиғат пен климат үшін маңызы». Бағдарламаға ашылу салтанаты, әлеуетті арттыру жөніндегі бастамалар енгізілген коммуникациялық акселератор және Бизнес-акселератор, SIWI Corner ток-шоуы, сондай-ақ Стокгольм су сыйлығы мен Стокгольм жастар су сыйлығының мерекелік марапаттау рәсімдері кіреді. Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияның хатшылығы трансшекаралық су ынтымақтастығын және ортақ су ресурстарын басқаруды тұрақты негізде қолдау үшін бірнеше сессия ұйымдастырады. Дүниежүзілік су апталығы шеңберіндегі сессиялар туралы толығырақ ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса беріледі. *2-қосымша-Дүниежүзілік су апталығы туралы ақпарат.*

4.2. Жер асты сулары саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кеңес

2022 жылғы 26 тамызда Нұр-сұлтан қаласында Ташкент маңы трансшекаралық су тұтқыш көкжиегі (бұдан әрі - ТСК) шеңберінде жерасты сулары саласындағы ынтымақтастық жөніндегі екінші кеңес өтеді. Кеңесті ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Кластерлік Бюросы «Трансшекаралық су тұтқыш горизонттардағы жерасты суларының ресурстарын басқару» (ГГРЕТА) жобасын орындау шеңберінде ұйымдастырады.

Кеңестің мақсаты мүдделі Тараптардың мынадай мәселелер бойынша ортақ пайымын талқылау және әзірлеу болып табылады: Ташкент ТСК бірлескен тұрақты басқару жөніндегі Жол картасын әзірлеу және оның мазмұны; Ташкент ТСК бойынша тетіктерді геологиялық комитеттер арасындағы қолданыстағы келісімге қосу мүмкіндігі; Ташкент ТСК математикалық моделі бойынша қорытынды есеп оның алдын ала ұсынымдары.

Кеңеске Қазақстан мен Өзбекстанның жер асты және жер үсті суларын басқару саласындағы үкіметтік мүдделі тараптар, математикалық модель негізінде ұсынымдар әзірлеумен айналысатын екі елдің ғалымдары мен сарапшылары, үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ даму жөніндегі серіктестер қатысады. Қазақстандық делегацияның атынан ҚР ЭГТРМ Трансшекаралық өзендер департаменті, Су ресурстары комитеті және Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті өкілдік етеді.

ХСБО атынан кеңеске директордың орынбасары Маутанова Ж.Т. қатысады. Кеңес туралы толығырақ ақпарат қосымшадағы материалдарға қоса беріледі. *3 – қосымша-ЮНЕСКО-ның жер асты сулары саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы ақпарат.*

5. Басқа да іс-шаралар.

Орталық Азияда гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық оқу семинарын ұйымдастыру туралы

2022 жылғы 27-29 қыркүйек аралығында Словакия, Братислава қаласында Орталық Азиядағы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі бойынша халықаралық оқу семинарын өткізу жоспарлануда.

Іс-шараны Дүниежүзілік банктің және Словакия Республикасы Қоршаған орта Министрлігінің қаржылық қолдауымен Словакияның су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік кәсіпорнымен ынтымақтастықта ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасын орындау шеңберінде ХСБО ұйымдастырады.

Семинар техникалық мамандарға, мемлекеттік қызметшілерге, ұлттық және өңірлік ирригациялық агенттіктердің, биліктің мамандандырылған органдарының, Орталық Азияның бес елінен келген гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы ғылыми-зерттеу және академиялық институттардың өкілдеріне арналған. Семинарға қатысу үшін Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстаннан гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігіне жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сарапшылары шақырылды.

Бұл іс-шара екінші семинар болып табылады да 2019 жылы Словакияда Орталық Азия мамандарының қатысуымен өткен бөгеттердің қауіпсіздігі жөніндегі алғашқы семинардың жалғасы ретінде ұйымдастырылады.

Семинар бағдарламасы үш күнге есептелген және практикалық және теориялық іс-шараларды, соның ішінде оқу дәрістерін, технологияларды қолдану саласындағы озық тәжірибені зерделеу үшін түрлі компаниялармен және қызмет көрсетушілермен кәсіби кездесулерді, сондай-ақ Словакиядағы су инфрақұрылымы объектілеріне баруды көздейді.

Семинар тәжірибе мен білім алмасу, бөгеттерді басқару және қауіпсіздік мәселелері бойынша консультациялар, өңірлік ынтымақтастықты дамыту алаңына айналады. Ол Орталық Азиядағы мамандандырылған ұлттық органдардың институционалдық әлеуетін арттыруға және трансшекаралық

бассейндердегі гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі бойынша өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға жәрдем көрсетеді.

Қосымша ақпарат пен бағдарлама қоса берілген тұжырымдамалық жазбада баяндалған. *4–қосымша - Словакиядағы бөгеттердің қауіпсіздігі бойынша оқу семинарының тұжырымдамасы мен бағдарламасы.*

6. Қаржыландыру

Тамыз айындағы қаржыландырудың жалпы сомасы **4 938 807 теңге**, оның ішінде:

- есептелген еңбекақы төлемі - 3 471 467 теңге *(еңбекке ақы төлеу-2 011 067, сауықтыруға арналған жәрдемақылар - 1 124 800, әлеуметтік салық – 245 000, әлеуметтік аударымдар – 46 100, медициналық сақтандыруға аударымдар – 44 500)*;
- кеңсені жалға алу – 723 800 теңге;
- қызмет жеткізушілерге – 287 540 теңге;
- іссапар шығыстары – 156 000 теңге;
- үстеме шығыстар - 300 000 теңге – 25.06.2020 ж. № 83 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған «ХАҚҚ ҚР-дағы АД» ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) *1–қосымша - Мемлекетаралық арналардың су ресурстарын пайдалану жөніндегі халықаралық тәжірибе туралы ақпарат, 2 б.*
2) *2–қосымша - Дүниежүзілік су апталығы туралы ақпарат, 12 б.*
3) *3–қосымша - ЮНЕСКО-ның жер асты сулары саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кеңесі туралы ақпарат, 1 б.*
4) *4–қосымша - Словакиядағы бөгеттердің қауіпсіздігі бойынша оқу семинарының тұжырымдамасы мен бағдарламасы, 7 б.*

Директор **Б. Бекнияз**